21539727397

ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 8 тамыз № 5501-23-00-2/2130 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Төлембекова, оңайлатылған іс жүргізі тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Ардагерлер үйі» қарттар мен мүгедектерді оңалтудың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ARSEN2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Ардагерлер үйі» қарттар мен мүгедектерді оңалтудың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «ARSEN2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«ARSEN2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ARSEN2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Төлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 08.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2024, судья Тюлембекова А. С., 16.09.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»